КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 13 желтоқсан №1013-24-00-2/2907 іс Семей қаласы

Абай облысының мамандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.С. Байкумбаева,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Теплокоммунэнерго» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Смағұл Ерасыл Асланұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Теплокоммунэнерго» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер Смағұл Ерасыл Асланұлын мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы және тұрақсыздық айыбын өндіру туралыталап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Смағұл Ерасыл Асланұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Смағұл Ерасыл Асланұлынан «Теплокоммунэнерго» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының

Құжатқа қол қойылған: Байкумбаева А. С., 13.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.01.2025, судья Байкумбаева А. С., 22.01.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

пайдасына 8 775 (сегіз мың жеті жүз жетпіс бес) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Жеке кәсіпкер Смағұл Ерасыл Асланұлынан мемлекеттік кірісіне 2 109 (екі мың жүз тоғыз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхаткелтіруі мүмкін.

Судья **А. Байкумбаева**

Көшірмесі дұрыс,
Судья **А. Байкумбаева**

Құжатқа қол қойылған: Байкумбаева А. С., 13.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.01.2025, судья Байкумбаева А. С., 22.01.2025

1013-24-3-1/2890